

**Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет,
архивтер және құжаттама басқармасы
Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы**

**Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым»
X Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсы**

**Тараз қаласы
2021 жылғы 23 сәуір**

КОНКУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

Уақыты	Іс-шара	Өтетін орны
22.04.2021 жыл		
01.00	қонақ үйге орналастыру	Қонақ үй
15.00	- жеребе алу рәсімі	«Баласағұн» ОКЗ
15.30	- конкурсқа дайындық жұмыстары	«Баласағұн» ОКЗ
18.00	- Көне Таразға саяхат	Қала аумағы
20.00	- кешкі ас	Мейрамхана
23.04.2021 жыл		
07.00	- таңғы ас	Қонақ үй асханасы
10.00	- конкурстың ашылу салтанаты - «Шырқа, даусым» атты CD жинақтың тұсаукесері - конкурстың I кезеңі	«Баласағұн» ОКЗ
14.00	- түскі ас	Мейрамхана
15.30	- конкурстың II кезеңі	«Баласағұн» ОКЗ
18.00	- жеңімпаздардың қатысуымен өтетін «Мен сүйемін халқымды» атты концерт	«Баласағұн» ОКЗ
19.00	марапаттау рәсімі	«Баласағұн» ОКЗ
20.00	- кешкі ас	Мейрамхана
24.04.2021 жыл		
09.00	- қонақтарды шығарып салу	-

Халқымыздың кезеңдерінің
бірі Кенен ағамыз ел тарихында, халық
өмірінде мәңгі ескіріп қалып, өмір сүруге
алынды. Кенен ағамыз арман ел
бақытына, халықтың бірлігіне, ұрпақтың
бақытына бағынған болды. Осы ардақ
бізді құраламын. Елмендігіміз
тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!
Президент А. Назарбаев
13/IV 1994ж



*Балыққа саяз судан, терең оңай,
Ақынға қара сөзден өлең оңай,
Халқыңа адал қызмет етпесеңіз,
Абырой, атақпенен келе ме оңай?*

*Ай туса, ол да тартар жарығына,
Су ақса, ол да тартар арығына,
Атасы тектілердің тұғыры асыл,
Тұқымы бір тартады қалыбына.*

Кенен Әзірбаев

**«ЕКІ КЕНЕН ТУМАЙДЫ
АЛАТАУҒА ЕКСЕҢДЕ»
(Кенен Әзірбаев)**

Кенен, Кенен деп жүр ғой елдің бәрі,
Жақсы көріп кетіпті жас пен кәрі.
Төрт аяғы тең жорға өлеңінің,
Құлағымнан кетпейді салған әні.




Жамбыл жырау



Д.Қонаев
мемлекет қайраткері

«Кенен Әзірбаев – өмірде де, өнерде де
қайталана бермейтін ерекше
құбылыс».

«Кенен атаның арманы ел ырзығы,
халықтың бірлігі, ұрпақтың баянды
болашағы болды. Осы әруақ бізді
қолдасын. Егемендігіміз, тәуелсіздігіміз
мәңгілік болсын».



Н.Назарбаев
ҚР Тұңғыш Президенті



М.Әуезов
жазушы

«Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің
үстіне ғұлама жырау, әбжіл шешен,
байтақ шежіре екенсіз».

«Кенен – ән мен жырдың генералы».



Б.Момышұлы
халық қаһарманы



Б. Төлегенова
қазақтың бұлбұл әншісі

Абай, Жамбыл, Кенен аталардың
мұрасы біз үшін үлкен мектеп. Қазақ
өнерінің әліппесі.



**Бердібек САПАРБАЕВ,
Жамбыл облысының әкімі**

Құрметті конкурсқа қатысушылар!

Жамбыл жері - қаймағы бұзылмаған қалың қазақтың қара шаңырағы, тарихи-мәдени ескерткіштерге бай шежірелі дала, киелі аймақ, рухани қазынаға толы, келбеті келісті қызыр дарыған қасиетті өңір, ақындар мен батырлар мекені. «Тараз, Жамбыл облысы – менің ең жақсы көретін өңірім...» деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, Жамбыл жері ақиық ақындар мен жауһар жыршылардың, күміс көмей әншілердің киелі ордасы саналады.

«Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» демекші, ғылым мен өнердің, әдебиет пен мәдениеттің шоғыр жұлдыздары қаншама десеңізші. Жамбыл облысында ауыз әдебиетінің аса ірі өкілдері болып табылатын Ақтанберді, Майкөт, Қылышбай, Бөлтірік шешен, жыр алыбы Жамбыл, Ұлбике, Сарыбас пен Сауытбек секілді ақын-жыраулардан бері қарай Жамбыл облысынан жарқырап шыққан ақын, жазушылардың есімдерін қуанышпен атап өтуге болады. «Екі Кенен тумайды Алатауға ексең де» деп жырлаған қазақтың халық ақыны, композитор Кенен Әзірбаевтың өзі бір дастан. Алдыңғы буын салып кеткен ұлы өнердің дара жолы, сара соқпағы бүгінгі ұрпаққа мұра.

Сан өнерді бойына сіңірген Кенен атамыз әнші, ақын, жырау, күйші ретінде ұлт фольклорының жанды шежіресі болды. Бір өзі жүзден аса ән шығарып, асқан шеберлікпен өзі орындауы қайталанбас біртуар дарын иесі екенін дәлелдейді. Екі жүздей лирикалық, дидактикалық арнау мен толғау авторының репертуарында ондаған эпикалық жыр-дастан болған. Жырларын жатқа жырлап, тыңдаушысының алғысын алып, жан рахатының рухани ұйтқысы атанған тұлғаның есімін жаңғырту азаматтық парызымыз, һәм борышымыз. Әулиеата өңірінің ғана емес исі қазақтың әншілік-күйшілік, ақындық-жыршылық, сал-серілік дәстүрін ұлықтаған ән кемеңгерінің халқымыздың өнер кеңістігіндегі орны бөлек, өнері дүр.

Ел Тәуелсіздігі – барша Қазақстан халқының рухани және экономикалық өрлеуіне тірек, бірлігіне кепіл, ынтымағының темірқазығы болды. Осы жылдар ішінде еліміз мәдениет пен өнер салаларында да орасан зор жетістіктерге қол жеткізді. Ал жылт еткен талант көзі ашылуы үшін де, әрі оның жетіліп, ірі тұлғаға айналуы үшін де қоғамдық-әлеуметтік ортаның тигізер әсері орасан.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен жыр алыбы Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларын, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын ілгерілету, «Дала фольклорының мың жылы» арнайы жобасын жүзеге асыру, дарынды жастардың орындаушылық шеберліктерін шыңдау, көпшілікке танылуына мүмкіндік жасау, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, халық ақыны, әнші, композитор, Жетісу әншілік мектебінің негізін қалаушы Кенен Әзірбаевтың шығармашылығын жаңғырту мақсатында өткелі тұрған «Шырқа, даусым» атты X Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсының берер азығы мол. Бұл ән додасы Жамбыл өңірінде екі жылда бір рет өткізіліп, жыл сайын жаңа таланттардың танылып, өнер жолына қанат қағуына мүмкіндік беріп келеді.

Үлкен сахнаға аса талантты өнерпаздар мен әншілерді даярлап келе жатқан өнерпаздар ұстаханасы – К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы екеніне дау жоқ. Өнер ордасына алты Алашқа аты мәшһүр Кенен Әзірбаевтың есімі берілуі кездейсоқтық емес. Бұл композитор шығармаларының өміршең болуына, Кенен өнерінің көрермен жадында мәңгі сақталуына үлкен сеп болады. Уақыт диірмені аталған өнер ұжымында көптеген дарындыларды тудырды, үлкен ортаға дайындап, таланттарды қанаттандырды.

Еліміздің өшпес өрнегі саналатын Кенен ата әндері мен ұлттық музыкалық шығармаларымыз жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде үлкен рөл атқарары сөзсіз. Ал ғасырлар қойнауынан сыр шертетін қасиетті Тараз қаласының өнер сүйер төл перзенттері игі шарада рухани сезімге бөленері анық.

Сәні мен салтанаты, тағылымы мен тәрбиесі мол әншілер конкурсына қатысушыларға өнер жолындағы қадамдарына сәттілік, толағай табыс тілеймін.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР



ҚАСЫМБЕКОВ ЕРБОСЫН ЕРБОЛҰЛЫ - 1989 жылы 29 мамырда Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылында дүниеге келген. Семей қаласындағы М.Төлебаев атындағы музыкалық колледждің «Ән салу», М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығында оқыған. Қазіргі таңда Жамбыл облысы, Шу ауданы мәдениет үйінің қызметкері, «Дәстүрлі ән» үйірмесінің жетекшісі. Облыстық, республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты. Бірнеше әндердің авторы.
Ұстазы: Тұрсынғазы Рахимов.

КӨШТАЕВ БЕКАРЫС ЖӘНІБЕКҰЛЫ - 2000 жылы 25 қазанда Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Тегістік ауылында дүниеге келген. П.И. Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде білім алған.

«Атадан қалған мұрамыз», «Ұлттық дельфийлік ойындар», А.Бетбаев пен Ә.Желдібаев атындағы «Домбыраның қос ішегі», К.Әзірбаев атындағы «Жас екпін», Н.Тілендиев атындағы конкурстардың жүлдегері.

Ұстазы: Ерназ Халықов.



КӨПБОСЫН АЙСҰЛТАН ТАЛҒАТБЕКҰЛЫ - 1999 жылы 11 сәуірде Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласында дүниеге келген. Ж. Елебеков атындағы Республикалық «Эстрада және цирк» колледжінде халық әні бөлімінде білім алған. 2019 жылы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясына халық әні кафедрасына оқуға түскен. Көптеген облыстық, республикалық, халықаралық конкурстардың лауреаты.

Ұстазы: Рамазан Стамғазиев.

ТЕЗЕКБАЕВ

СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ - 1989 жылы 26 қыркүйекте Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келген. ОҚО аймақтық әлеуметтік инновациялық университетінің «Музыкалық білім» мамандығын бітірген.

Ә.Желдібаев атындағы «Ерке сылқым» Республикалық байқаудың, К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» атты VII Республикалық әншілер конкурсының, «Текті сөздің төресі – терме» атты аудандық жыршы-термешілер байқауының, т.б. конкурстардың лауреаты.

2009 жылдан Сарысу аудандық мәдениет үйінде жұмысын бастаған. Қазіргі таңда осы мәдениет үйінің директорының орынбасары қызметін атқарып келеді.

Ұстазы: Ахат Кенжебаев.



РАХИМБЕРДИЕВ ДАМИР ЖАНИСБЕКҰЛЫ -

2002 жылы 13 қыркүйекте Жамбыл облысы, Байзақ ауданында дүниеге келген. Мектеп қабырғасында жүргенде облыстық, республикалық дәстүрлі әншілер конкурстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

Қазіргі таңда Алматы қаласындағы П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің 4 курс студенті.

Ұстазы: Есбол Шаңбаев.

СМАЙЛ МӨЛДІР ХУАНДАХҚЫЗЫ - 1997 жылы 27 маусымда Қарағанды облысы, Жаңа арқа ауданында дүниеге келген. Мектептен кейін Қазақ Ұлттық Өнер Академиясына түсіп, «Дәстүрлі ән» мамандығы бойынша білім алуда. Бірнеше конкурстардың жеңімпазы.

Ұстазы: Гүлмира Сарина.



ОҢҒАРБАЙ АЙДОС НҰРЖАНҰЛЫ -

1996 жылы 11 қыркүйекте Жамбыл облысы, Қаратау қаласында туылған. Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің колледжінде «Дәстүрлі ән» кафедрасында білім алған.

ҚазҰӨУ-нің магистратурасында «Дәстүрлі ән» кафедрасында білімін шыңдауда.

Республикалық «Асыл мұра» байқауының, Облыстық «Дельфийлік ойындарының», К.Әзірбаев атындағы «Шырқа даусым» Республикалық байқаудың, т.б. конкурстардың жеңімпазы..

Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мемлекеттік академиялық филармониясында «Халық әні» бөлімінде әртіс болып жұмыс істейді.

Ұстазы: Ардақ Балажанова.



ЖӘКІШ ФАРХАД СҰҢҒАТҰЛЫ -

1998 жылы 21 тамызда Қарағанды облысы, Жаңа арқа ауданында дүниеге келген. Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер университетінің колледжінде оқыған. Қазіргі таңда Нұр-сұлтан қаласында Қазақ Ұлттық Өнер университетінде білімін жалғастыруда.

Жезқазған қаласында өткен Т.Қалмағанбетов байқауының, Қарағанды қаласында өткен И.Омаров атындағы байқаудың, Ж.Мұса атындағы байқаудың лауреаты.

Ұстазы: Толғанбай Сембаев.

УЛЫХБАН НУРСАБЕК - 1996 жылы 1 қазанда Моңғолияның Баян-өлке аймағында дүниеге келген. Мептепті бітіргеннен кейін Талдықорған қаласы Қ.Байсейітов атындағы «Саз» колледжіне түсіп, қазіргі таңда дәстүрлі ән мамандығы бойынша 4 курста білім алып жатыр.

Ұстазы: Құралай Шаяхметова.





ОМАРХАН ЖІГЕР - 1992 жылы 20 қарашада Қытай Халық Республикасының Тарбағатай аймағы, Толы ауданында дүниеге келген. «Күйтін» қалалық көркемөнер колледжінде дәстүрлі әнші мамандығы бойынша білім алған. 2013 жылы Қазақстанға қоныс аударып, Ж.Елебеков атындағы «Эстрада және цирк» колледжінде дәстүрлі ән мамандығы бойынша білім алған.

Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында жоғары мамандыққа ие болған. Көптеген байқаулардың лауреаты. Қазіргі таңда Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының дәстүрлі әншісі.

Ұстазы: Рамазан Стамғазиев.

ЫСҚАҚОВ ЖҰЛДЫЗ МАРАТҰЛЫ - 1990 жылы 5 маусымда Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында дүниеге келген. Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы Д.А.Қонаев атындағы орта-гимназия мектебінең кейін Алматы қаласындағы П.Чайковский атындағы музыкалық колледжде, одан кейін Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Халық музыкасы» факультетінде «Халық әні» кафедрасында білім алған. Осы оқу орынның «Музыкатану, композиция» бөлімінің магистратурасын тәмәмдаған.



Халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты, К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» ІХ Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсының дипломанты.

Ұстазы: Тілеулес Құрманғалиев.



ҚАБЫЛАНБЕК АЙЖАН НҰРЛАНҚЫЗЫ - 1998 жылы 3 қаңтарда Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген. 2014-2017 жылдары Алматы қаласыда Ж.Елебеков атындағы Республикалық «Эстрада және цирк» колледжінде «Жетісу ән-жыр» мектебі бойынша білім алған.

Қазіргі таңда Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨА-да «Дәстүрлі музыка өнері» кафедрасының 4 курс студенті.

К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» ІХ Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсының дипломанты.

Ұстазы: Шолпан Даржанова.



УАТҚАН ШАТТЫҚ ҚҰМАРҰЛЫ - 1994 жылы 28 ақпанда Қытай Халық Республикасы, Шұар Санжы қаласында дүниеге келген. Талдықорған қаласында «Өнер» мектебінде дәстүрлі ән-жырдан Ерболат Шалдыбектен өнер меңгерген.

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Музыкалық өнер» факультетінің «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасында білім алған. Көптеген халықаралық, республикалық ән додаларының лауреаты.

Қазіргі таңда Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында әнші-термеші болып жұмыс істейді.

Ұстазы: Шолпан Даржанова.

МЫРЗАГЕЛДІ ГҮЛЖАН САПАРЖАНҚЫЗЫ - 2002 жылы 19 қарашада Алматы облысы, Қаратал ауданы, Жаңаталап ауылында дүниеге келген. «Балдырған», «Қасиетті Қаратал» атты күйлердің авторы. Республикалық байқаулардың лауреаты. 2019 жылғы ҚР Тұңғыш президентінің стипендияты.

Қазіргі таңда П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің «Дәстүрлі ән салу» бөлімінің 4 курс студенті.

Ұстазы: Гүлім Алшынова.



СӘЛІМХАН НҰРДАНА - 1997 жылы 15 наурызда Қытай Халық Республикасында дүниеге келген. Алғашқы ұстазы күйші Аршын Кәсімбай, қосымша Жетісудың тумасы Ерболат Шалдыбековтан тәлім алған.

2017 жылы Талдықорған «Саз» колледжіне дәстүрлі ән мамандығына оқуға түскен.

Ұстазы: Құралай Шаяхметова.

ҚУАНБЕК ЕЛБОЛ СЕЙІЛБЕКҰЛЫ - 1996 жылы 29 қарашада Түркістан облысы, Кентау қаласында дүниеге келген. Алматы қаласы А.Жұбанов атындағы Республикалық қазақ мамандырылған музыка мектебінде, П.И Чайковский атындағы Алматы Музыка колледжінде «Дәстүрлі ән салу» мамандығы бойынша білімін жалғастырған. Қазіргі уақытта Қазақ ұлттық өнер университетінде «Дәстүрлі жыр» мамандығы бойынша білім алуда.

Республикалық жыршы-термешілер байқауының, Халықаралық жыршылар фестивалінің лауреаты, К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» ІХ дәстүрлі әншілер конкурсының дипломанты.

Ұстазы: Ерболат Шалдыбеков.



САҒЫНДЫҚ АРУЖАН АЙТМАНҚЫЗЫ - 2001 жылы 16 наурызда Түркістан қаласында туылған. «Саз-өнер» мектебінің «Ән-терме» сыныбында білім алған. Облыстық байқаулардың лауреаты. Қазіргі таңда Ж.Елебеков атындағы Республикалық «Эстрада және цирк» колледжінде білім алуда.

Жетісу әншілік мектептің қалыптасуына, К.Әзірбаевтың ән-мұрасының таралуына өзіндік үлес қосып жүрген өнерпаз.

Ұстазы: Шолпан Даржанова.

ОРУНБАСАР АЙГЕРІМ БАУРЖАНҚЫЗЫ - 2003 жылы 11 қыркүйекте дүниеге келген. №1 саз мектебінде музыкалық білім алған.


«Ақ көгершін» Республикалық байқаудың, «Балауса жұлдыздар» облыстық байқаудың лауреаты. Қалалық, облыстық іс-шараларда өнер көрсетіп, Алғыс хаттармен марапатталған. Қазіргі таңда Шымкент қаласы «Саз» колледжінің 3 курс студенті.

Ұстазы: Жақып Спатаев.



БЕКТАС ҰЛСАЯ АСАНҚЫЗЫ - 2002 жылы 15 қазанда Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян ауылында дүниеге келген. Шымкент қаласындағы Б.Өтеп атындағы дарынды балаларға арналған мектепті бітірген. Қазіргі таңда Шымкент қаласы «Саз» колледжінің «Дәстүрлі ән» бөлімінің 4 курс студенті. Оқу орында өте белсенді, шығармашыл. Өнердегі жетістіктеріне қатарластары мен оқытушылары тәнті.

Ұстазы: Ербол Халмұрзаев.



РАХМАНБЕРДИЕВА ЗАРИНА НҰРҒАЛИҚЫЗЫ - 1998 жылы 2 қарашада Өзбекстан Республикасы, Үшқұдық қаласында дүниеге келген. Рудный музыкалық колледжін дәстүрлі ән мамандығы бойынша тәмамдап, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына түсіп, қазіргі таңда 3 курс студенті.

Қалалық байқаулардың дипломанты, «Жас екпін» I Республикалық байқаудың «Арқада Наушабайдың Нұржаны өткен...» I Республикалық байқаудың лауреаты.

Ұстазы: Рамазан Стамғазиев.

ӨМІРҒАЛЫ МАДИЯР АЗАМАТҰЛЫ - 2002 жылы 20 қыркүйекте Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы өнер колледжінің домбырамен ән салу бөлімінің 4 курс студенті.

Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан Сері Қорамсаұлы, Мұстафа Бүркітбайұлы, Қанапия Мұстафин, Мәди Бәпиұлының әндерін үйреніп меңгеруде.

Ақан Сері Қорамсаұлының туғанына 175 жыл толуына арналған дәстүрлі ән орындаушылары арасында өткен «Әудем жер» атты облыстық байқаудың, әнші, сазгер, актер, ҚазКСР-нің халық әртісі Манарбек Ержанов атындағы «Сайра, бұлбұл» дәстүрлі ән байқауының лауреаты.

Ұстазы: Сержан Мұсайын.





ЗЕЙКЕНОВА **ГҮЛНАФИС**
ЖАНБОЛАТҚЫЗЫ - 1998 жылы 19 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылында дүниеге келген. Тәттімбет атындағы Қарағанды «Өнер» колледжінде танымал өнер шебері Сержан Мұсайыннан, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Дәстүрлі музыка өнері» кафедрасында Шолпан Даржановадан білім алған.

К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» ІХ дәстүрлі әншілер конкурсының дипломанты атанған. Қазіргі таңда Қарағанды қаласында «Балалар музыкалық мектебінде» оқушыларға дәстүрлі ән сабағынан дәріс береді.

Ұстазы: Шолпан Даржанова.

ЖАППАР АБЫЛАЙ ҚАНАЙҰЛЫ - 2001 жылы 13 сәуірде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген.

Қазіргі таңда Қарағанды қаласы Тәттімбет атындағы өнер колледжінің домбырамен ән салу бөлімінің 4 курс студенті. Осы жылдар аралығында Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан Сері Қорамсаұлы, Мұстафа Бүркітбайұлы, Қанапия Мұстафин, Мәди Бәпиұлының әндерін меңгерген.

Ұстазы: Жақсыгелді Кемалов.



АСҚАРҰЛЫ ҚУАНЫШ - 1999 жылы 22 мамырда Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген. Ж.Елебеков атындағы Республикалық «Эстрада және цирк» колледжінің түлегі.

Кіші олимпиада дипломанты, Алматы қалалық жыршы-термешілер конкурсының лауреаты.

Ұстазы: Талғат Әбуғазы.

НҰРТУҒАН ҰЛДАНА НҰРТУҒАНҚЫЗЫ - 2002 жылы 25 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қазалы ауданында туылған. Қорқыт ата атындағы ән-әуез мектебінің «жыр-терме, дәстүрлі ән» бөлімінде Бейсенбаева Сандуғаш Алашыбайқызынан дәріс алған.

Республикалық «Дарын» байқауының, Республикалық шығармашылық «Ақбөбек» конкурсының, Халықаралық «Тоника» байқауының, Облыстық «Менің Туған өлкем» байқауының, «Жырларың ғасырларға ұлассын» атты аймақтық жас жыршы-термешілер байқауының лауреаты.

2017 жылдан бері Қазанғап атындағы Қызылорда жоғарғы колледжінің «Жыр-терме, дәстүрлі ән» бөлімінде дәріс алуда.

Ұстазы: Бисенбек Төлеубаев.



САҚТАҒАНОВА ЖАНАР ҚАЗНАУИҚЫЗЫ - 1998 жылы 8 қарашада Көкшетау қаласында туылған. Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің колледжінде «Дәстүрлі ән» кафедрасында Толғанбай Сенбаевтан білім алған. Қазіргі таңда Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің 3 курс студенті.

Телевизиялық концерттер мен облыстық конкурстарға қатысып, марапаттарға ие болған.

Ұстазы: Гүлмира Сарина.

ҰЗАҚБАЙ НҰРБОЛАТ ТАҢАТҰЛЫ - 1999 жылы 25 қарашада Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келген. Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінде білім алған. 2019 жылы Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясына оқуға түскен.

Қарағанды, Алматы қалаларында өткен фестиваль-конкурстардың, XII Халықаралық «Астана-Мерей» байқауының, Ә.Найманбайұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Інжу-маржан» атты аймақтық байқаудың, Ақан Сері Қорамсаұлы атындағы байқаудың, «Жас екпін» I Республикалық жас өнерпаздар байқауының, Ғарифолла Құрманғалиевтің 110 жылдығына арналған «Ақ жайықтан ән оздырған» атты Республикалық әншілер конкурсының лауреаты.

Ұстазы: Амангелді Күзеубай.





ҚАЙЫРЖАНОВА ГҮЛБАҒЫМ ШАКИДУЛЛАҚЫЗЫ - 2001 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. Д.Нұрпейісова атындағы Халықтық музыка академиясын, Атырау музыка колледжінде дәстүрлі ән мамандығы бойынша Рая Шәріпқызының сыныбын тәмамдаған. 2019 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясына халық әні мамандығына қабылданған. Қазіргі таңда аталмыш оқу орында халық әні кафедрасының 2 курс студенті.

Республикалық Кіші олимпиада, облыстық «Текті сөздің төресі – терме» байқауының, Мәскеу қаласында өткен Халықаралық «Дельфий ойындары» лауреаты.

Ұстазы: Эльза Карабалина.

САНИЯЗБЕКҰЛЫ АЙДОС 2000 жылы 5 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық училищеде Қамидолдин Қайрат білім алған. Қазіргі таңда Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық Консерваториясының I курс студенті.

Ұстазы: Еркін Шүкіман.



ТАҢНҰР МӘНУРА - 1998 жылы 8 қаңтарда Қытай Халық Республикасында дүниеге келген. Ж.Елебеков атындағы Республикалық «Эстрада және цирк» колледжінің дәстүрлі ән мамандығын тамамдаған. Қазіргі таңда Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Дәстүрлі музыка өнері» кафедрасының 3 курсына білім алуда.

«Жас Екпін» I Республикалық жас өнерпаздар байқауының, К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» IX дәстүрлі әншілер конкурсының III орын иегері.

Ұстазы: Шолпан Даржанова.

БАҚТЫБАЙҰЛЫ СӘУЛЕТБАЙ

- - 2014 жылы 10 желтоқсанда Қытай Халық Республикасы, Шұар елді-мекенінде дүниеге келген. Қарасай ауданы, Қаскелең «Мәдинет» колледжіне оқуға түсіп, «Педагог ұйымдастырушы, халық аспаптар оркестрінің жетекшісі» мамандығын алып шыққан. Қазіргі кезде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына түсіп, «Домбырамен ән салу» мамандығы бойынша 3 курста оқып жатыр.

Ұстазы: Тілеулес Құрманғалев.



КЕНЕН ӨЗІРБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫҚ ӨМІР ЖОЛЫ

Халық ақыны, күміс көмей әнші әрі композитор Кенен Өзірбаев 1884 жылы 19 маусымда қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ ауылында дүниеге келді. Ал 1957 жылы сол кездегі Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Киров колхозына көшіп барып, өмірінің соңына дейін осы елді мекенде тұрды. 1976 жылы 92 жасында қайтыс болды. Ақынның мәйіті, тұрған үйі, мұражайы осы жерде. «Кенен - екі облысқа ортақ ақын» дейтіні сондықтан. Қазіргі күні бұл жер «Кенен ауылы» деп аталады.

XIX ғасырдың аяғында дүниеге келіп, XX ғасырда ұлттық рухтың ұлы өнерпазы: жырауы әрі ақыны, жыршысы әрі күйшісі, әншісі әрі композиторы, шежірешісі әрі ірі қоғамдық қайраткері болып танылған Кенекеңнен халқымыздың алтын қорына барып қосылған сан-салалы мол мұра қалды.

Он жасында қолына домбыра алып, той-жиындарда ән сала бастаған. 13 жасында өзінің атақты «Бозторғай» әнін шығарды. Халықтың көңілін елең еткізген бұл ән қазақ даласына тез тарап кетті. «Боздаланың бозторғайы» атанған бала Кененнің аты қырғыз-қазаққа мәлім бола бастады. Ақынның бозбала шағында (16-17 жасында) дүниеге келген «Көкшолақ» әні Кененнің даңқын арттыра түсті. Бұл әндері өмірдің қысастығына ашынған, содан құтылар жол іздеген жас ақынның бұлқынған жүрегі еді.

Ақынның қырсығын кескен, өнердің самғау биігіне жол ашқан елеулі оқиға 1904 жылы болған атақты қырғыз манабы Шәбден батырдың асы болды. Осы жиынға өзінің ақыны ретінде ертіп барған Қордайдың беделді адамы, орысша білім алған, туысы Еркебай Базарұлы еді. Осы жиында Жамбыл, Құлмамбет, Қатаған, Қалмырза сынды жыр дүлдерін көрді. Топ алдына шыққан жас ақын өзінің «Көпшілік, тыңда әнімді» деген атақты әнін шырқады.

Кененнің өнер жолына үлкен бетбұрыс әкелген оқиға 1914 жылы арқадан атақты Балуан Шолақтың Жетісуға келуі болды. Бұл менің Балуанды екінші рет көруім дейтін. Осы жолы атақты әншіге еріп, Жетісудың талай жерін бірге аралайды. Атақты әншінің 12 әнін өз аузынан үйреніп қалады. Ат үстінде ән салудың, домбыра шертудің небір тәсілдерін осы Балуаннан үйрендім дейтін.

К. Өзірбаев жалынды күрескер ақын. Ол 1916 жылғы бүкіл қазақ жерін шарпыған халық көтерілісінің бел ортасында болған ақын. Қордай жерінде Әли Нұрғожаев бастаған халық көтерілісіне қатысып, көптеген оқиғаны көзбен көрген, Әлидің қасында жүріп әнімен де, жырымен де көпшілікті күреске үгіттеген сарбаз ақыны болған. Осы жылдары шығарған «Аттаныңдар!», «Қайран елім, қайда?», «Бұлбұлға» деген әндері қазақ өнерінің алтын қорына айналған дүниелер. Кейін осы

оқиғаға байланысты өзінің атақты «Әли батыр» атты дастанын дүниеге әкелді.

Кеңес үкіметі орнаған кезде халық арасында үгіт-насихат жүргізу шараларына белсене ат салысты. О.Жандосов, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, Қ.Бәрібаев, Т.Бокин сияқты жалынды революционер-большевиктермен бірге болды.

1919-1922 жылдары Қордай болысы ревкомитетінің төрағасы болып тағайындалды. Әнімен де, жырымен де халықты бірлікке, жасампаздыққа, білім-өнерге ұмтылуға, жаңаша өмір сүруге шақырды. Осы кезеңде шығарған ән-толғаулары: «Шаңқ етпе», «Жас екпін», «Колхоз әні», «Балдай бол» сияқты туындылары сол уақыттың дәл көрінісін бейнелейтін шығармалар.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиетінің I-онкүндігіне жыр алыбы Жамбылды қолтықтап бірге барды. Қазақтың бұлбұл қызы Күләштің өнеріне қол соққан жұрттың ортасында болды. Осындай тарихи оқиғаны көзбен көріп, куәгері болды. Кремльдің үлкен сарайында өзінің атақты «Жаңа заң» деген әнін шырқады. Ал 1937 жылы Жамбыл Жаббаевпен бірге Кавказға сапар шегіп, грузин ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жылдығына арналған мерейтойдың куәгері болды.

1937 жылы Кенен Әзірбаев ССРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Ал 1939 жылы әнші-композитор К.Әзірбаев ССРО Композиторлар одағының мүшесі аталды. Сол кезде халық ақындары ішінде екі бірдей одаққа мүше болған адам тек Кенен Әзірбаев болатын.

К.Әзірбаевтың шығармашылығында ауқымды орын алатын тақырып, ол 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы болып табылады. Кененнің жасы бұл кезде алпысқа тақалып қалған еді. Соғыстың алғашқы күні-ақ «Біздің Отан жеңеді» деген әнімен бүкіл совет халқына үндеу тастап, жар салғаны халық есінде. Ақынның өзі айтатындай: «Қос басында, әскерлер ортасында, үлкен жиындарда, халық арасында күн демей, түн демей шырқалған әннің, айтылған өлең-жырдың есебін кім түстеп-түгендеп жатты дейсің? Көмейден төгілген асыл жырымның бағасын халқым білсе болғаны.. Ақынға содан артық бақыт жоқ» деуші еді. Сол жылдары шығарған: «Жалғыз қайным», «Қош аман бол, Шолпанқұл!», «Сүйгенім-ай, күйгенім-ай», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән» сияқты туындылары ел ырзығына айналған, сол кезеңде тарихи роль атқарған дүниелер екені даусыз.

Осыған орай 1945 жылдың 1-қаңтарында халық ақыны К.Әзірбаевқа «Құрмет белгісі» ордені берілді. 1947 жылы Москва қаласының 800 жылдық мерей тойына арнайы шақырылып, осы датаға байланысты өзінің «Батыр Москва» деген әнін шығарды.

1959 жылы ақынның 75 жылдық мерей тойы Қордай жерінде өтті. Тойды қазақтың біртуар азамат жазушысы Сәбит Мұқанов басқарды.

Осы мерекеге орай ақынға екінші рет «Құрмет белгісі» ордені табыс етілді.

1960 жылы қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің ұйымдастыруымен Мәскеуде өткен Шығыс фольклорын зерттеушілердің дүние жүзілік XXV конгресіне қатысты. Осы алқалы жиында «Қобыланды батыр» жырындағы «Тайбурылдың шабысы» үзіндісін асқан шеберлікпен орындап шықты. Сол жылдың күзінде қырғыз халқының ұлы демократ жыршысы Тоғолоқмолданың 160 жылдық мерей тойына да М.Әуезовпен бірге барды. Осындай іргелі жиындарда үнімен де, өнерімен де көпшілікті тәнті қылған ақынның тума талантына риза болған Мұхтар: «Кенеке, сіз күміс көмей әншілігіңіздің үстіне ғұлама жырау, әбжіл шешен, байтақ шежіре екенсіз. Халқымыздың аяулы өнерін шет жұртқа жеткізген талантыңызға дән ризамын» деп жүрекжарды бағасын берді.

1961 жылдың 8 ақпанында К. Әзірбаевқа «Қазақ ССР-нің халық ақыны» деген құрметті атақ берілді.

1974 жылы ақынның 90 жылдық мерей тойы республикалық көлемде кеңінен тойланды. Осы тойға көрші жатқан өзбек, қырғыз, қарақалпақ елдерінен қонақтар келді. Тойда ССРО Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары Георгий Марков өз сөзінде: "Совет оқушылары Кенен Әзірбаевтың есімін халық әдебиетінің аса ұлы алыптары Сүлеймен Стальскиймен, Жамбыл Жабаевпен қатар атайды. Кененді бүгінгі Жамбыл, екінші Жамбыл деп біледі» деді. Шыңғыс Айтматов ақынның өнер жолына терең баға бере келіп, қырғыз халқы: «Сізді, өз атамыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердегі Алатауымыз деп есептейді» деп сөзін түйіндеді. Осы мерекеге орай қарт ақынның кеудесіне ең жоғары награда Ленин ордені тағылды.

Осылай 90 жасқа талмай жеткен ақынның жүрегі 1976 жылы 12 сәуірде соғуын мәңгі тоқтатты. Сүйегі өзі тұрған ауылдың шетіне қастерлеп қойылды. 1981 жылы осы жерге үкіметтің арнайы қаулысымен ақынның әдеби-мемориалдық мұражайы салынды.

1984 жылы Кенен Әзірбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай үлкен той өтті. М.Әуезов атындағы драма театрында республикалық ақындар айтысы өткізілді. Бұл шара көптен бері ұмыт бола бастаған халқымыздың айтыс өнерінің қайта түлеуіне, жаңаша бағыт алуына ықпал еткен тарихи оқиға болды. Салтанатты жиналыс сол кездегі еліміздің астанасы Алматы қаласының Республика сарайында маусымның 6-сы күні өткізілді. Жиналысты бұрынғы Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі, қазіргі тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев ашты. Сондағы елбасының: «Халық өмірінде Кенен Әзірбаев үн қоспаған, өзінің жарқын талантының шуағын төкпеген бірде-бір айтулы оқиға болған жоқ. Оның тамаша өшпес туындылары бүгін де сапта тұр» деген сөзі ақынның шығармашылығына берілген аса жоғары баға, жоғары құрмет екені даусыз.

Ақынның артында өте мол жазба мұрасы қалды. Он дастан, жүзден астам әндері, мыңдаған өлең-жырлары, айтыстары, жеті күйі, басқа да аты аңызға айналған тарихи тұлғалар жайлы жазғандары халық игілігіне айналып отыр. Ақынның ән-жырлары баспадан үздіксіз шығып келеді. «Өлеңдер жинағы» (1947 ж.), «Әли батыр» дастаны (1951 ж), «Өлеңдері мен дастандары» (1953 ж), «Әндері» (1955 ж), «Өмірімнің әндері» (1961 ж), «Шығармалар жинағы» (1967 ж), «Аңыздар сыры» (1969 ж), «Таңдамалы шығармалары» (1974 ж), «Кенен Әзірбаев». (Өлең-жырлары, ән текстері, дастандары, 4 том, 1984 ж), «Песни гор и степей» (1984 ж).

Содан бері ақынның 100, 110, 120 жылдық мерей тойлары үзбей тойланып келеді. Ал 2009 жылы ақынның 125 жыл мерей тойы бүкіл республика көлемінде кеңінен тойланды. Бұл еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі ақынға көрсетілген ең жоғары құрмет еді. Осы мерекеге байланысты ақынның 4 томдық толық жинағы «Ғасырлар үні» сериясымен «Өнер» баспасынан басылып шықты. Сонымен бірге тұңғыш рет ақынның өміріне арналған «Фотоальбом» жарық көрді.

Біз ақынның өмір жолына қысқаша шолу жасай отырып, ең басты деректерді ғана назарға алдық. Ал ақынның өмірі, шығармашылығы, қоғамдық жұмыстары, ақын туралы жазылған туындылар, зерттеу жұмыстары, туған жері, ата шежіресі, ұрпақтары жайлы кеңірек білгісі келгендер осы сайттан толығырақ мағлұматтар ала аласыздар.

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР:

Кенен Әзірбаев 1884 жылы 19 маусымда қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ ауылында дүниеге келген. Әкесі Әзірбай мен анасы Ұлдардың, балалары Базар мен Назардың мәйіттері осы жерде.

Қолына домбыра алып, он жасында той-жиындарда ән сала бастаған. 11 жасында өзінің тұңғыш әні «Ри, қойым», 13 жасында атақты «Бозторғай» әндерін шығарды. Халықтың көңілін елең еткізген бұл ән тез арада бүкіл қазақ даласына тарады. Бала Кененнің аты қырғыз-қазаққа мәлім бола бастады. Жасөспірім әншіні «Боздаланың бозторғайы» деп атады.

Ақынның бозбала шағында (16-17 жасында) шығарған «Көкшолақ» әні Кененнің даңқын арттыра түсті. Өмірдің қысастығы мен кедейлікке ашынған, содан құтылар жол іздеген жас ақынның бұлқынған жүрегі еді бұл.

1904 жылы атақты қырғыз манабы Шәбден батырдың асында өзінің «Көпшілік тыңда әнімді» деген әнін шығарды. Осы жиында Жамбыл, Құлмамбет, Қатаған, Қалмырза сынды өлең-жырдың дүлдүлдерін көрді.

1914 жылы арқаның атақты әншісі Балуан Шолақ өзінің ата-жұрты Жетісуға келеді. Ел аралап жүріп Қордай жеріне келгенде атағы бүкіл Жетісу жеріне мәлім Кенен ақынды алдыртып, әнін тыңдайды. Қасына ертіп жүріп, өзінің әндерін үйреткен. Бұл менің Балуанды екінші рет көруім дейтін. Осы жолы Балуан Шолақтың 12 әнін өз аузынан үйренгенін айтады. Кенен жалынды күрескер ақын.

1916 жылы Әли Нұрғожаев бастаған халық көтерілісіне қатысты. Осы жылдары «Аттаныңдар!», «Қайран елім, қайда!», «Бұлбұлға» деген әндері дүниеге келді. Кеңес үкіметі орнаған кезде халық арасында үгіт-насихат жүргізу шараларына ат салысты. Ораз Жандосов, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Қуаныш Бәрібаев сияқты жалынды революционер-большевиктермен бірге болды. Осы жылдары «Октябрь», «Балдай бол», «Соқ-соқ байларды», «Шырқа даусым» т.б. әндерін шығарды.

1919 – 1922 жылдары Қордай аудандық революциялық комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Әнімен де, жырымен де халықты бірлікке, жасампаздыққа, білім-өнерге ұмтылуға шақырды. «Шаңқ етпе», «Жас екпін», «Екпінделерге» деген әндері осының дәлелі.

1923 жылы ақынның Базар-Назар деген екі ұлы бірдей бір күнде шешек ауруынан қайтыс болады. Қатты қайғырған ақын өзінің «Ақ ешкінің зары» деген атақты жоқтау-әнін шығарады. Кейін бұл ән халық арасына «Базар-Назар» деген атпен тарап кетті.

1931 - 1933 жылдары қазақ даласына үлкен қасірет әкелген ұжымдастыру саясатының куәгері болды. Кеңес үкіметінің солақай саясатын, аштықтан бас сауғалаған қазақтың ауыр тірлігін көрген ақын

шыдай алмай 1932 жылы жұбайы Насиха мен қызы Ұлтайды алып қырғыз ағайындарды паналауға мәжбүр болды.

1934 жылы Кенен ақын Түркісіб (Түркістан-Сібір) темір жолында көшпелі театрда әнші болған. Аягөз станциясында атақты ақын Шашубай Қошқарбаевпен кездесіп, өнер сынасқан.

1934 жылы ақынның Төрткен атты қызы дүниеге келді. Оның азан шақырып қойған аты «Төрт кемпір бір шал». Тіл-көзден сақтасын деп, ырымдап қойған екен. Өйткені оның алдында жеті баласы өлген. Кейін қызының атын Төрткен деп өзгерткен.

1936 жылы тұңғыш рет Мәскеуде өткен Қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігіне қатысты. Қазақтың бұлбұл қызы Күләш, Ұлы ұстазы Жамбылмен бірге барды. Кремльдің үлкен сарайында өзінің «Жаңа заң» деген әнін орындады.

1937 жылы Жамбыл Жабаевпен бірге Кавказға сапар шекті. Онда бір топ қазақ зиялыларымен бірге грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 800 жылдығына арналған мерекеге қатысты. Сталиннің туған жері Гори қаласында болды.

1937 жылы Кенен Әзірбаев ССРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Қазақ халқының басына қаратүнек орнаған 1937 жыл. Ораз Жандосовпен дос болған, оған арнап «Оразжан» деген қоштасу әнін шығарған ақынның өз басына да қауіп төнген еді. Ақыры Кененді «халық жауы» деген жаламен қамауға алды. Ол Алматы қаласының түрмесінде 3-4 ай отырып, ақталып босатылды.

1939 жылы ақын ұлды болады. Ұлы жырау Жамбыл Жабаев ақынның тұрған жері Иірсуға арнайы келіп, батасын берген. Көркемжан деп атын қойған.

1939 жылы әнші, композитор К. Әзірбаев ССРО Композиторлар одағының мүшесі болды.

1940 жылы Москваға барып, ССРО халық әртісі, композитор Р.М. Глиердің бастамасымен ашылған әнші, композиторлар курсына қатысты. Осы курста Кенен әлемдік ұлы композиторлардың өмірі және шығармашылығы туралы көптеген мағлұматтар алып қайтты.

1941-1945 жылдары болған Ұлы отан соғысы кезінде ақын домбырасын қолына алып, күндіз-түні халқының ортасында болды. Алапат соғыстың бірінші күні-ақ «Біздің Отан жеңеді» деп саңқ ете қалған ақынның даусы бүкіл қазақ жерін шарлап кетті. Халықты сабырға, шыдамдылыққа, жеңіске шақырған ақынның үні бір сәт толастаған емес. «Қайран, Шөкем!», «Жалғыз қайным», «Күйгенім-ай, сүйгенім-ай!», «Ел қуанышы», «Жеңіс жылғы шаттық ән» сияқты туындылары халықтың асыл қазынасына айналды.

1945 жылы ұлы ұстазы Жамбыл дүние салғанда Кенен ақын арнайы келіп, ұзақ жоқтау-жырын айтқан. Кейін осы жырларын толықтырып «Жамбыл-жыр» атты дастанын жазып қалдырды.

1945 жылғы 1 қаңтарда халық ақыны К.Әзірбаев «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

1945 жылы 5 шілдеде ақын 61 жасқа келгенде екінші ұлы туды. Көркемжанға ұқсатып, атын Бақытжан деп ақынның өзі қойды. Ақынның бүкіл мұрасын, өлең-жырын жинақтап, насихаттап жүрген баласы.

1946 жылы сонау Кавказдан жер аударылып, жолда шешесінен, екі баурынан айрылған он жасар қызды қолынан жетектеп үйге алып келеді. Дағыстан жерінен, аты Хамсия екен. Атауға жеңіл деп атын Айша деп өзгертеді. Сол Айша Кененқызы оқуын бітірген соң қазақтың жігітіне тұрмысқа шықты. Артында 5 ұл, 1 қызы қалды. Айша тәтеміздің ұрпағы Жамбыл облысы, Қордай ауданында өмір сүріп жатыр.

1947 жылы Москва қаласының 800 жылдық мерей тойына қатысты. Осы мерекеге арнап «Батыр Москва» деген әнін шығарды.

1948 жылы қыздары - Ақтамақ, 1952 жылы – Ақбілек дүниеге келді. Ақынның артында мол үрім-бұтағы қалды. Немере-шөбере (шөпшек), жиен - жиеншарларын есептегенде 100-ден асып жығылады.

1948 жылы Қазақстан композиторларының I - съезін халық ақыны Кенен Әзірбаев ашты.

1959 жылы тұңғыш рет ақынның 75 жылдық мерейтойы Қордай жерінде өтті. Тойды қазақтың біртуар азамат жазушысы Сәбит Мұқанов басқарды. Осы мерекеге орай ақынға екінші рет «Құрмет белгісі» ордені берілді.

1960 жылы ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен бірге Москвада өткен Шығыс фольклорын зерттеушілердің дүниежүзілік XXV-конгресіне қатысты. Осы алқалы жиында Қобыланды жырындағы «Тайбурылдың шабысы» үзіндісін аса шеберлікпен орындап шықты.

1961 жылдың 8-ақпанында К. Әзірбаевқа «Қазақ ССР-нің халық ақыны» деген құрметті атақ берілді.

1964 жылы халық ақыны Кенен Әзірбаевтың 80 жасқа толған мерей тойы республика көлемінде аталып өтті. Осы жылдары ақын «Бес қуаныш», «Қайран жастық», «Қазақстан аймағы» деген әндерін шығарды.

1967 жылғы 28 қазан айында К. Әзірбаев «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталды.

1974 жылы ақынның 90 жылдық мерейтойы Қордай тауының етегінде өтті. Республиканың барлық аймақтарынан қонақтар келді. Қарт ақынның кеудесіне ең жоғары награда «Ленин» ордені тағылды.

1976 жылдың 12 сәуірінде 92 жастан асқан қазақтың асқан дарын иесі Кенен Әзірбаев дүниеден озды. Оның мәйіті сол өзі тұрған елді мекенге қойылды. Қазіргі таңда ол «Кенен ауылы» деп аталады.

1981 жылы осы жерде халық ақыны Кенен Әзірбаевтың әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды. Содан бері ақынның 100, 110, 120, 125 жылдық мерейтойлары республикалық деңгейде үзбей тойланып келеді. Ақын кейінгі ұрпаққа 120-дан астам ән, 7 күй, 10 жыр-дастан, жүздеген өлең-жырларын, айтыстарын қалдырды. Филология

ғылымының докторы, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтың сөзімен айтқанда: «Кенен Әзірбаев – сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз: жырау әрі ақын, жыршы әрі күйші, әнші әрі композитор, шежіреші әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткер».

2001 жылдан бері Жамбыл облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен әрбір екі жыл сайын Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» атты Республикалық әншілер конкурсы өткізіліп келеді.

2011 жылы ақынның ұрпақтары Кенен Әзірбаевтың шығармашылығы мен өмірі туралы «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильм түсірді.

2013 жылы Алматы қаласында халық ақыны Кенен Әзірбаевқа ескерткіш орнатылды.

2016 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданында туған тарихи тұлғалар: Ноғайбай би, Кебекбай шешен, Өтеген батыр және халық ақыны Кенен Әзірбаевқа арналған «Тұлғалар тұғыры» мемориалдық кешені ашылды.

2016 жылы Елордасы Астана қаласында халық ақыны, әнші және композитор Кенен Әзірбаевтың атына көше берілді.

2017 жылы мемлекеттік тапсырыспен халық ақыны Кенен Әзірбаевтың 5 томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

2017 жылы Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен тұңғыш рет өнер жұлдыздарының қатысуымен Кенен Әзірбаевтың шығармашылығына арналған «Мен сүйемін халқымды» атты концерт өткізілді.

2018 жылы Тараз қаласындағы Жамбыл облыстық филармониясына Кенен Әзірбаевтың есімі берілді.

2019 жылдың 26 желтоқсанында Жамбыл облысының 80 жылдығы аясында «Баласағұн» орталық концерт залының алдына Кенен Әзірбаевтың 135 жылдығына орай ескерткіш тұрғызылып, салтанатты ашылуына жамбылдық өнер майталмандары қатысты. Мереке күні қала тұрғындары мен қонақтарына дүлдүл ақынның шығармашылығынан концерттік бағдарлама ұсынылды.

2019 жылы танымал әнші, Кенен Әзірбаевтың әндерін насихаттаушы Бейбіт Мұсаевтың орындауында тұңғыш рет ақынның 20 әні дискке жазылып шығарылды.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай 23 сәуірде Тараз қаласында өткен қазақтың әйгілі халық ақыны, әнші, композитор Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» X Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсы аясында алғаш рет композитордың шығармашылығына арналған «Шырқа, даусым» атты CD жинақ шығарылып, көпшілікке ұсынылды.

Бұл сайтқа халқымыздың композиторлық, әншілік, айтыскерлік және ақындық өнерін бір өзінің рухымен әлемдік биікке көтерген ұлы тұлғалардың біреуі халық ақыны, әнші әрі композиторы Кенен Әзірбаевтың: өмірбаяны, өлең-жырлары, терме-толғаулары, дастандары, айтыстары, нотаға түсірілген әндері мен күйлері толықтай енгізілді. Сондай-ақ, әр жылдары жазып алынған әншінің өз дауысы, басқа да әншілердің орындауындағы ақынның әндері бар.

Сонымен қатар, К.Әзірбаевтың 75, 90, 100 жылдық мерейтойларына орай «Қазақфильм» түсірген деректі фильмдердің көшірмесі, 2009 жылы республика көлемінде тойланған ақынның 125 жылдығына арнап «Түркі әлемі» студиясында шығарылған «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильмі де осы сайтқа енгізілді. Ақынның өмірі мен шығармашылығына арнап түсірілген «Ғасырлар үні», «Кененнің айтыстары», «Сағындым Кенен атамды» сияқты, басқа да телехабарладың көшірмесі бар.

Тараз қаласында екі жыл сайын өткізіліп тұратын «Шырқа даусым» атты Кенен Әзірбаев әндерінің республикалық байқауы жайлы бейнетаспалар, конкурсқа қатысқан көптеген әншілердің дауыстарын осы сайттан таба аласыздар. Артына өшпес мол мұра қалдырған ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиет-өнер зерттеушілерінің, ғалымдардың, ақын-жазушылардың әр кезеңде жазған ой-пікірлері осы сайттан орын алды.

Сонымен қоса, ақынның мұражайынан, ақын ұрпақтарының жеке мұрағаттарынан алынған соны деректер, радиохабарлардың көшірме жазбалары, ақынның фотосуреттері, ата-бабаларының шежіресі т.б. бар. Ал ақынға берілген наградалар туралы, басқа да марапаттаулар жайлы арнайы бөлім ашылды. Ақын жайлы жазылған зерттеу-мақалалардың толық библиографиялық тізбесі өз алдына бөлек беріліп отыр.

Екі ғасырдың куәгері, Алатаудың бұлбұлы атанған қазақ халқының дүлдүл ақыны, жыршысы, күміс көмей әншісі әрі композиторы Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы түсірілген «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильмде ақынның өмір жолы, туған жері, өскен ортасы туралы сыр шертіледі. Ғасырға жуық ғұмыр кешіп, өмірінің соңына дейін халқына қалтқысыз қызмет еткен, артына телегей-теңіз мол мұра қалдырған ақын жайлы ғалымдардың, әдебиет, өнер зерттеушілердің әр кезеңде айтқан ой-пікірлерін қысқаша енгізуге тырыстық.

Бұл фильмде ақынның көзі тірісінде етене араласқан, қолынан дәм татып, әңгімелерін, әндерін тыңдап өскен, іні, бауыр, жерлестерінің, балаларының, ақын, сазгер, жазушылардың Кенен ата туралы естеліктері жан-жақты қамтылды.

К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» атты Республикалық әншілер конкурсы - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет, мұрағаттар

және құжаттама басқармасының ұйғарымымен 2001 жылдан бері халық ақыны, ұлы композитор, әнші Кенен Әзірбаевтың музыкалық шығармашылығына арналған «Шырқа, даусым» атты Республикалық конкурсты екі жылда бір өткізу дәстүрге айналды. Бүгінгі күнге дейін конкурс 8 рет өткізілді. (2001 ж. 2003 ж. 2005 ж. 2007 ж. 2009 ж. 2011 ж. 2013 ж. 2016 ж.). Байқауды өткізген сайын сапа да артып келеді. Мысалы, алғашқы байқауларда үміткерлер тек «Бозторғай», «Көкшолақ», «Қайран жастық», «Базар-Назар», «Ой, жайлау» сияқты бес-алты әндердің айналасынан аспаушы еді. Бірте-бірте «Шырқа, даусым!», «Жас екпін», «Көпшілік, тыңда әнімді», «Қайран ел, қайда?» «Жаңа заң», «Сынаптай сырғақ дүние», «Бал құйылды даладан», «Мөртай сұлу», «Әнім қалсын», «Күләшқа» секілді көптеген бұрындары орындала бермейтінелге белгісіз, тіпті, автордың өз орындауында жазылмай қалған әндерімен толығуда. Бұл күнде осы байқауларда бас жүлдеге ие болып, лауреат атанған Шолпан Даржанова, Ардақ Балажанова, Жазгүл Даңылбаева, Ақан Әбдуалиев, Тілеулес Құрманғалиев сияқты халық мұрасын насихаттаушылар әншілік өнермен қоса Астана, Алматы қалаларындағы өнер университеті мен консерваторияда, Ж.Елебеков атындағы өнер колледжінде Жетісу әндерінен сабақ беріп жүр. Саят Медеуов, Айгүл Иманбаева, Мақсат Базарбаев – Кенен ауылынан шыққан өнерпаздарымыз, ел мақтаныштары. Өнер аламаньының жеңімпаздары Клара Төленбаева мен Анар Құмарова – Президент оркестрінің белді әншілері. Бейбіт Мұсаев, Данияр Сқақ, Ерболат Шалдыбеков – Алматы облысы филармониясының танымал орындаушылары. Ал Мархаббат Мықтыбеков әйгілі «Қоңыр» тобын құрып, ел құрметіне бөленіп жүргені көпке мәлім. Осы байқаудың арқасында халық әніне телініп, өлеңдері бұрмаланып, өзгеріске ұшыраған «Ой, жайлау», «Қызыл қайнар», «Мөртай сұлу», «Жас екпін» сияқты әндері қайта жанданды. Сазгердің әндерін ашу, дұрыс орындалуын бақылау, өнерпаздарды шыңдау сияқты толып жатқан талаптарды іске асыруда өнер додасы біраз деңгейге көтерілгені сөзсіз.